

## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

### «ХИМИЯ 2026 - ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІСТІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

Елі: Қазақстан Республикасы

Өткізілетін орны: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5.

Өткізу уақыты: 12-13 маусым, 2026 ж.

Пленарлық мәжілістің өткізілетін орны және уақыты: Бас ғимарат, АКТ залы, сағ.10.00, онлайн және офлайн режимінде.

Ұйымдастырушылар: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті

Конференция жұмысы келесі секциялар бойынша өткізіледі:

1. Қазіргі химияның іргелі және қолданбалы аспектілері;
2. Бейорганикалық заттар мен материалдардың инновациялық технологиялары;
3. Органикалық синтез, мұнай-химия және органикалық заттардың технологиясы;
4. Фармацевтикалық инженерия және биотехнологиялық процестер;
5. Экология, жасыл химия және химиялық өндірістердің тұрақты дамуы;
6. Силикат, металлургия және композициялық материалдар;
7. Мұнай-газ технологиялары және шикізатты қайта өңдеудің химиялық процестері;
8. Педагогикалық химия және химиялық білім берудің заманауи трендтері.

Конференция тақырыбы бойынша маңызды ғылыми-зерттеу нәтижелері бар Қазақстан Республикасы және шетел мемлекеттерінің жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының профессор-оқытушылар құрамы мен ғалымдары конференция жұмысына қатысуға шақырылады.

Конференция аясында жас ғалымдардың жобаларының көрмесі ұйымдастырылады.

Конференция **онлайн-офлайн форматта** өтеді. Онлайн-алаңның мекен-жайы қосымша жарияланады.

**Конференцияның жұмыс тілдері:** қазақ, орыс және ағылшын тілдері.

Конференцияға қатысу үшін өтініштің (тіркелген үлгі бойынша), баяндама мәтінінің баспа түріндегі (2 данадан) және электрондық нұсқасы, ұйымдастыру жарнасы (**4000 теңге көлемінде**) төленгені туралы түбіртектің көшірмесі электрондық поштамен [Auezov-17@mail.ru](mailto:Auezov-17@mail.ru) немесе төмендегі мекен-жайда **2026 жылдың 29 мамырға дейін** қабылданады: 160012, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, №16 ғимарат, 2 қабат, 212 каб. Конференцияны ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы: Назарбек Ұлжалғас Бақытқызы – PhD, Жарияланымдық белсенділік департаментінің директоры.

**Баяндаманы дайындауға қойылатын талаптар:**

Баяндама мәтіні (суреттер мен сызбаларды қоса А4 форматында 6 беттен аспайтын) Microsoft Word редакторының мәтінінде терілуі қажет. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі баяндамалар үшін Times New Roman қарпі (қаріп өлшемі – 11, жоларалық қашықтық – 1, сол жағы – 25 мм, қалған жақтары – 20 мм, жаңа жол бойынша шегініс – 1 см) қолданылады. Мақала төмендегідей тәртіппен орналасады: бірінші жолда ЭОЖ (Әмбебап ондық жіктеу) көрсетіледі, бір жол төмен – бас әріптермен **баяндама тақырыбы** (қою қаріппен), бір жол төмен –автордың аты-жөні және тегі, мақалада автор саны шектеулі (**үш автордан аспауы қажет**), бір жол төмен мекеме, қала, ел атауы және электрондық адрес (*e-mail*) беріледі. Келесі жолда курсивпен – орыс тіліндегі баяндамалар үшін **myiin** және **abstract**, қазақ тіліндегі баяндамалар үшін **резюме** және **abstract**, ағылшын тіліндегі баяндамалар үшін **abstract** 50-100 сөзге дейін жазылады. Бір жол төмен **кілттік сөздер** жазылады, ол 7 сөзден кем болмауы тиіс. Баяндаманың негізгі мәтіні келесі жолда, мақаланың жазылған тілінде басылады. **Әдебиеттер тізімі** негізгі мәтіннің соңында бір шегіністен кейін жазылады.

Баяндама мәтіні түзетілмейді, түпнұсқа болып саналады. Конференция еңбектерінің жинағы тікелей көшіру әдісімен теріледі. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен немесе талаптарға сай келмейтін материалдар жарияланбайды, қаралмайды және қайтарылмайды.

**Құрметті әріптестер! Сіздерден жоғарыда көрсетілген талаптарға сай дұрыс терілген материалдарды жіберу сұралады.**  
**Баяндаманы дайындау үлгісі:**

ӘОЖ (10 nm.)
<b>ҚАЗІРГІ ХИМИЯНЫҢ ІРГЕЛІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІЛЕРІ (11 nm.)</b>
<b>Асқарова Г. (11 nm.)</b>
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан (10 nm.) @e.mail
<b>Резюме: (10 nm.) 50-100 сөз</b> <b>Abstract: (10 nm.) 50-100 words</b>
<b>Кілттік сөздер: 7 сөзден кем емес</b>
<b>Баяндаманың негізгі мәтіні (11 nm.)</b>
----- ----- <b>Әдебиеттер (11 nm.)</b>

**Өтініш үлгісі:**

Өтініш	
1	Баяндамашының тегі, аты-жөні (толығымен)
2	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы
3	Мекемесі, лауазымы
4	Мекен-жайы (индексі көрсетілуі міндетті)
5	Телефон, факс (халықаралық байланыс кодымен)
6	Баяндаманың тақырыбы
7	Секцияның атауы
8.	Керекті техникалық құралдар
9.	Қонақ үй орындарын брондау қажеттігі (иә, жоқ)

**Барлық сұрақтар бойынша конференцияның ұйымдастыру алқасына хабарласуыңызды сұраймыз:**

**Телефон: +7 (7252) 21-06-48, ұялы тел: 87712505401, 87028388230**

**E-mail: [Auezov-17@mail.ru](mailto:Auezov-17@mail.ru)**

**160012, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5.**

**Банк реквизиттері: АО «Евразийский банк»**

РНН 582100003432

ИИК KZ 9894815KZT22032170

БИК EURIKZKA

Код 16

БИН 990240005557

ОКПО 39140473

Код ОКЭД 85420

Код КАТО 511013100